



## Спорт түрлерінде пайдаланылатын жануарлар мен құстардың жем-азығы нормативтерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 97 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 22 желтоқсанда № 9992 тіркелді

«Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 51) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Спорт түрлерінде пайдаланылатын жануарлар мен құстардың жем-азығы нормативтері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (Е.Қанағатов) заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін мерзімді баспа басылымдарында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялануын;

3) ресми жарияланған кейін осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министрі Т.Есентаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*А. Мұхамедиұлы*

Қазақстан			Республикасы
Мәдениет	және	спорт	министрінің
2014	жылғы	14	қарашадағы
№ 97 бұйрығымен бекітілген			

Спорт түрлері бойынша пайдаланылатын жануарлар мен құстардың жем-азығы нормативтері

Ескерту. Орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілген, қазақ тіліндегі мәтіні өзгертілмейді - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.10.2015 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Спорттық жылқылардың күндік рационы			
P/c №	Рацион атауы	Азықтандыру нормативі	
		Айғырға (500-550 келі)	Биеге (500-550 келі)
1	Әртүрлі шөп	10 келі	10 келі
2	Сұлы	3 келі	3 келі
3	Арпа	1,5 келі	1 келі
4	Бидай жармасы	1 келі	1 келі
5	Күнбағыс күнжарасы	1 келі	1 келі
6	Жүгері	2 келі	2 келі
7	Сәбіз	3 келі	-
8	Жұмыртқа	5 келі	-
9	Алғы қоспа	0,5 келі	0,5 келі
10	Тұз	33 грамм	33 грамм
2. Аң-құстардың күндік рационы			
1	Ет	Жазғы мерзімде	Қысқы мерзімде
		0,2 келі ден 0,5 келіге дейін	0,5 келі ден 1 келіге дейін